

Жасанды интеллект: мүмкіндіктері мен кемшіліктері.

Бүгінгі таңда жасанды интеллект әлемнің барлық аспектілеріне терең енген. Медицинадан бастап бизнесті талдауға дейін ЖИ өмірдің көптеген салаларында күнделікті міндеттерді дамытуға және автоматтандыруға мүмкіндік береді. ЖИ қазіргі заманда басқа деңгейге өскен ескі бейне жазбасын құлпыртып жібергеннен бастап адамдардың суреттінен мультфильм жасауға дейін жеткен. Бұнымен қоса ЖИ шектелмей ары өарай бізді көптеген мүмкіндіктерімен тан қалдыруда. Бұл ойға сыймас деректерге қарамастан олрадың қолдану перспективаларымен бірге тәуекелдері де туындайды .

Жасанды интеллектің мүмкіндіктері:

1. Процестерді автоматтандыру: ЖИ тиімділікті арттыру және шығындарды азайту арқылы күнделікті тапсырмаларды автоматтандыруға қабілетті. Бұл адамдарға шығармашылық және стратегиялық міндеттерге назар аударуға мүмкіндік береді.
2. Деректерді талдау: қазіргі заманғы ЖИ алгоритмдері адамның қолы жетпейтін заңдылықтар мен тенденцияларды анықтай отырып, үлкен көлемдегі деректерді өңдей алады. Бұл әсіресе маркетинг және денсаулық сақтау сияқты салаларда пайдалы.
3. Даралау: ЖИ пайдаланушыларға жеке тәжірибе жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, ұсыныс жүйелері пайдаланушының қызығушылығына сәйкес келетін мазмұн мен тауарларды табуға көмектеседі.
4. Диагностиканы жақсарту: ЖИ медицинасында пациенттердің медициналық суреттері мен деректерін жоғары дәлдікпен талдау арқылы ауруларды ерте диагностикалауға көмектеседі.
5. Ғылымдағы инновациялар: ЖИ ғалымдарға күрделі процестерді модельдеуге және ескі мәселелердің жаңа шешімдерін табуға мүмкіндік беру арқылы зерттеулерді жеделдетуге ықпал етеді. Көріп тұрғандарыңыздай ЖИ тек ғылыми және бизнес салаларында ғана емес күнделікті өмірде қолдануға немесе оқу және білім беру мақсатында қолдануға болады. Оқушылар ЖИ мүмкіндіктерін тезірек меңгеріп, тапсырма орындауда тек ЖИ сүйеніп кетпей өз ойларын да дамыта алса , ұстаздар ЖИ көмегімен сабақтарын қызықты өткізіп және жұмыс процесін жеңілдете алады. Студенттердің деректерін талдай отырып, олардың күшті және әлсіз жақтарын ескереді. Жекелендірілген оқу жоспарларын ұсынады. Сондай ақ виртуалды

көмекшілер немесе оқу ойындары сияқты өзара әрекеттесудің жаңа түрлерімен танысуыңызға болады, бұл оқу процесін қызықты етіп, күрделі тақырыптарды түсіндіруге көмектеседі. Сонымен біз ЖИ тің мүмкіндіктерін қарастырып көрдік енді осы ЖИ қалай қолдана аламыз деген сұрақ туындайды.

ЖИ көмегімен қалай керекті ресурстарды алуға және қолдануға болады?

Жасанды интеллект ChatGPT арқылы кез келген тақырыптар бойынша сұрақтарға жауап алуға болады. күрделі ұғымдарды түсіндіру және оқу материалдарын ұсыну арқылы оқытуға көмектеседі. Және оқушылар керекті мәліметтерімен өз ойларын жетілдіре алады. ChatGPT күнделікті тапсырмаларды жеңілдету және өмір сапасын жақсарту үшін ыңғайлы құралғы. ChatGPT дан бөлек басқада ЖИ құрылғылары бар. Оған мысал: **“Интерактивті оқыту платформалары”**. Интерактивті оқыту платформаларымен сабақтарды қызықты әрі тартымды ететін жүйелер мен ойындары бар. Ойындар мен викториналар сияқты интерактивті элементтер оқуды қызықты әрі ынталандырады. бұл бірінші кезекте балалардың материалды тиімді игеруге және жұмыс істеу процесін жеңілдетеді. Мұндай интерактивті платформаларға біз : Interacty, Genially, ProProf, Jeda AI, Woodar, Gamma ар, LearningApps, quizrise және т.б жатқыза аламыз . Енді біз осы платформалармен қалай қолдансақ болады? ЖИ ұсынған бірнеше платформаларды қадамдар бойынша қарастырайық :

Interacty платформасы. Interacty бұл қызықты интерактивті мазмұнды жасауға мүмкіндік беретін веб-әзірлеу платформасы. Бұл жерде ашық сұрақтар және басқа форматтағы тесттерді әзірлеуге слайдтар жасау өзара әрекеттесу, мультимедиа және анимация қосуға болады. Ойын нәтижелерін бақылап және оның тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Және мазмұнды жылдам жасау үшін дайын шаблондарын ұсынады .

Gamma ар платформасы. Gamma- Дайын шаблондар мен өңдеу құралдарын пайдаланып тартымды презентацияларды оңай жасап, ЖИ көмегімен мазмұнды жақсарту үшін мәтінді, тақырыптарды және визуалды элементтерді автоматты түрде жасауға тиімді болып табылады Платформада сіз бірнеше пайдаланушыларға мазмұнды бір уақытта өңдеуге мүмкіндік беретін топтық жобалармен жұмыс жасай аласыз.

Jeda AI платформасы. Күрделі ұғымдарды түсіндіру және оқу материалдарын дайындауға көмектеседі. Енгізілген мәліметтер немесе тақырыптар негізінде мақалалар, блогтар және басқа мәтіндер құруға, түсініктер мен ұсыныстар алу үшін үлкен көлемдегі деректерді өңдеу және талдауға болатын платформа

болып келеді. Маркетинг саласында , әлеуметтік медиа және жарнамалық материалдар үшін мазмұнды автоматты түрде құрып бере алып қоймай, мәтінді әртүрлі тілдерге аударып және мазмұнды әртүрлі мәдениеттерге бейімдейді. Және ең бастысы күнделікті тапсырмаларды автоматтандыру үшін чат боттар құрып бере алады. Осындай веб-платформалардың арқасында ұстаздардың сабақ жоспарын құру мен түрлі фантазияларын жетілдіріп өз ойларын жүзеге асыра алады. ЖИ мүмкіндіктерін талдай отырып ЖИ-ді дамыту мен қолдану барысында назар аударуды қажет ететін аспектілерді де ескеріп отырайық. Бұл аспектілерге біз :

1. Жұмыс орындарының жоғалуын жатқызуымызға болады. Автоматтандыру көптеген кәсіби салаларда жұмыс орындарының қысқаруына әкелуі мүмкін.
2. Деректер қауіпсіздігі: ЖИ жүйелері үлкен көлемдегі деректерді жинайды, бұл жеке ақпараттың қауіпсіздігіне қатер тудыруы мүмкін.
3. Когнитивті әділетсіздік: ЖИ алгоритмдері дұрыс емес немесе әділетсіз деректерге негізделсе, нәтижесінде кемсітушілік немесе дискриминация туындауы мүмкін.
4. Шешім қабылдау шектеулері: ЖИ адам эмоцияларын немесе контекстін түсінбейтіндіктен, кейде тиімсіз шешімдер қабылдайды.
5. Технологиялық тәуелділік: Адамдар технологияға тым тәуелді болса, бұл дағдылардың жоғалуына және шектеулі ойлау қабілетіне әкелуі мүмкін.
6. Этика және бақылау: ЖИ-дің шешімдерін бақылау және этикалық тұрғыдан қолдану мәселелері туындайды, әсіресе әскери немесе құқық қорғау саласында. ЖИ біздің өмірімізге кірген сәтте оның күшіне қатты сенуіміз мүмкін. Бұл бірінші кезекте біздің қоршаған ортаға деген түсінігіміз бен жеке бас ойлау қабілетіміздің біртіндеп жоғалуына алып соғады. Сондықтан ЖИ-дің мүмкіндігін тиісті мөлшерде пайдаға жаратып, технологиялық тәуелдікке ұшырамауға, және тек қызығушылық пен зерттеу мақсатымен қолданысқа жаратқан дұрыс. ЖИ мәңгілік емес және бірнеше шектеулермен шектелген. Оның дамуы мен қолданылуы уақыт өте келе өзгеруі мүмкін, бірақ оның кейбір негізгі ерекшеліктері мен шектеулерін өз ойымызда алып жүруіміз абзал. Осылайша ЖИ-дің әлеуеті мен кемшіліктерін теңгеру үшін кешенді тәсілдер қажет. Бұл үшін нормативтік актілер, этикалық стандарттар және білім беру бағдарламалары арқылы қоғамды ЖИ-мен таныстыру маңызды. Технологияны дамытуда адам құқығы мен әлеуметтік әділеттілікті сақтау үшін барлығымыз бірге жұмыс істеуіміз керек.

